

**Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлығының жобасы туралы**

***Күші жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 ақпан N 221 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 маусымдағы № 651 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.26 № 651 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды  
және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған  
мемлекеттік бағдарламасы туралы

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Z990490\_ Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір айлық мерзімде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі

іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін жыл сайын қажетті бюджет қаржысының бөлінуін көздесін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2001 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
N \_\_\_\_ Жарлығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасында  
дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005  
жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Әзірлеу негізі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы.  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақ мемлекеттік спорт және туризм академиясы.

Қысқаша мазмұны Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы түрлі аймақтар мен халықтың әлеуметтік-демографиялық топтарына арналған жекелеген дене тәрбиесі бағдарламаларын әзірлеу кезінде басшылыққа алынатын негізгі қағидаттық ережелерін кұрайды және мыналарды көздейді:

- 1) халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарына арналған дене тәрбиесінің сабақтастығы;
- 2) дене шынықтыру-спорттық қозғалысты басқару жүйесін жетілдіру;
- 3) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілері желісін дамыту;
- 4) салада білікті кадрларды даярлау және қамтамасыз ету;
- 5) дене шынықтыру - спорттық шараларды өткізуді жетілдіру;
- 6) саланы ұйымдастыру, ғылыми-әдістемелік және медициналық қамту;
- 7) салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде дене шынықтыру және спортты насихаттау;
- 8) жоғары білікті спортшылар мен спорттық резервті даярлау мәселелерін шешу.

Бағдарламаны қаржыландыру Республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері.

Күтілетін нәтижелер Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының қамтылуын арттыру, жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, нақты дене шынықтырумен және спортпен айналысушылардың санын өсіру, лайықты спорттық резервті даярлау, Қазақстан спортшыларының халықаралық сахнада табысты өнер көрсетуін қамтамасыз ету. Ел халқының денсаулығын сақтау және нығайту, аурудың алдын алу.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік-бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылы 19 желтоқсанда N 3276 U963276\_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жалғасы болып табылады.

Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы республиканың дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бұқаралық спортты дамытуға, дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға, халықаралық дәрежедегі спортшылар мен спорттық резервті даярлауға назарын аударды.

Істелген жұмыстардың нәтижесінде, республикада дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар саны 24,1 пайызға өсті, бұқаралық дене шынықтыру-спорт шараларын өткізудің саны артты, салалық спартакиадалар, оқушылардың спартакиадасы және студенттік универсиадалар өткізу қайта қолға алынды. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін, олимпиада резерві желісі мектептерін қысқарту тоқтады, қазіргі уақытта, республикада 271 спорт мектебі жұмыс істейді, оларда 116 мың балалар мен жасөспірімдер шұғылданады. Мектептен басқа мекемелер саны арта бастады, тұрғылықты жері бойынша жұмыс жанданды. Спорттағы дарынды балаларға арналған жаңадан 6 мектеп ашылды, соның нәтижесінде, мектеп-интернат оқушыларының саны 942-ден 2385-ке жетті. Спорттық резервті даярлаудың облыстық орталықтарын құру жөнінде жұмыс басталды, халықтың дене дайындығының Президенттік сынамалары әзірленіп, ол табысты енгізілуде. Республикада кәсіптік спорт клубтарын, тұрғылықты жері бойынша және отбасылық спорт клубтарын құру басталды, салауатты өмір салты қағидаттарын дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы насихаттау жөнінде елеулі жұмыс жүргізілуде.

Сонымен бірге, спорт базаларының жағдайы, республикадағы мектеп жасындағы балалардың 7 пайызын ғана қамтитын балалар-жасөспірімдер спорт мектебі желісінің жеткіліксіз дамытылуы, жоғары білікті жаттықтырушы-оқытушылардың тапшылығы халықтың және әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің дене жаттығуларымен шұғылдануға сұранысын толық қанағаттандырмайды. Сапалы мүкәммалмен және жабдықтармен

жарақтандырылған қазіргі заманғы спорт объектілерінің, олимпиадалық даярлық орталықтарының және спорттық резерв орталықтарының болмауы елдегі спорттық резерв даярлау мен спорт шеберлігін арттыруды тежеп отыр.

Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жекелеген тармақтары осы Бағдарламаға қайта енгізілді, себебі түрлі себептерге байланысты, олар ішінара ғана іске асырылды және толық енгізу үшін ұзақ уақыт қажет.

Дене шынықтыруды және спортты одан әрі дамыту, спорттық резервті және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау халықаралық спорт ұйымдарының жылдам өзгеріп жатқан талаптарын ескере отырып, оқу-жаттығу процесін және бұқаралық дене шынықтыруды ұйымдастыруда жаңа көзқарасты т а л а п е т е д і .

Бағдарламаны әзірлеу дене шынықтыру және спорт саласында қалыптасқан ұйымдастыру, әдістемелік және құқықтық қатынастарға өзгерістер енгізу Қазақстан спортының халықаралық сахнадағы жоғары беделін сақтау, спортпен жүйелі шұғылдануға халықтың қалың жіктерін тарту, дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын енгізудің қ а ж е т т і л і г і н е н т у ы н д а д ы .

Бағдарлама қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілермен және жаңа нормативтік заңдармен қамтылу арқылы бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спорты саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың ұйымдастырушылық негізін құрайды.

## 1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спортының жай-күйін, әлемдік спорт дамуының қазіргі заманғы процесі республикада спортты дамыту жөнінде түбегейлі шұғыл шаралар қабылданбайынша, қазақстандық спортшылардың әлемдік сахнадағы көрсеткіштері төмендей беретінін көрсетіп отыр.

Халықаралық стандарттардан қалуымыздың себебі, ең алдымен, бүгінгі күні әлемдік биік талаптарға жауап беретін қазіргі заманғы спорт базаларының ж о қ т ы ғ ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазіргі заманғы спорт деңгейі өзінің даму сатысында спорттық нәтижелердің өсуінде ғылыми және инженерлік жетістіктерге негізделген жаңа көзқарастарға маңызды роль береді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдайлар жасау, арнайы киім, құрал-сайманмен жарақтандыруды қолдану және құрастыру әлемнің мықты спортшыларының көрсеткіштерін күрт

жақсартуға жеткізді және ХХІ ғасырға спорттың қандай негізгі бағыттарда қарыштап енетінін айқындады.

Дене шынықтыруды және спортты дамытудың деңгейі, материалдық-техникалық базаның жай-күйі халықтың дене жаттығуларымен шұғылдануға сұранысын қанағаттандырмайды.

Мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындарда дене шынықтыруды ұйымдастырушылардың штат саны жетіспейді, кәсіпорындардағы дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының, тұрғылықты жері бойынша және еңбекшілердің жалпы демалыс орындарында қарапайым спорттық мүкәммалдар мен жабдықтардың жетіспеуі өткір сезіледі.

Ел халқының дене қозғалысы белсенділігінің төмендігі жүрек-қан аурулары мен тыныс жолдары органы ауруларынан өлім деңгейінің жоғары болуы мен өмір сүру жасын қысқартуға әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Халықтың тек 5-тен 10,5 пайызы ғана тұратын аймағына қарай дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданауда.

Білім беру жүйесінде қанағаттанарлықсыз жағдай қалыптасты. Республикадағы жалпы білім беретін оқу орындарының 56,5 пайызында ғана бір үлгідегі спорт залдары және 14,9 пайызында бейімделген спорттық үй-жайлар бар. Республикадағы орта және жалпы кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтарының көлемі ғылыми негізделген нормадан 3-4 есе төмен. Дене шынықтырудан аптасына үшінші сабақ енгізу, барлық үлгідегі оқу орындарында оқу процесін спорттық мүкәммалдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету тиісті назар аударуды талап етеді.

Сабақтан бос уақыттағы дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық бұқаралық жұмыстардың сыныптан тыс сабақтарына тиісінше назар аударылмай және дамымай отыр. Түрлі суық тию және созылмалы ауруларға бейім балалар мен жасөспірімдер саны өсуде. Сонымен бірге, денсаулығына байланысты арнайы медициналық топтарға жатқызылған оқушылармен сабақ тек қана жекелеген оқу орындарында жүргізіледі.

Жалпы, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының жай-күйі бұқаралық спортты, жоғары жетістіктер спортын және халықтың арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жандандыру жөнінде кідіріссіз, нақты шешімдер қабылдауды қажет етеді.

## 2. Негізгі мақсаттар мен міндеттер

Мемлекет "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру арқылы қатынастарды реттейді, дене

шынықтыру және спортты тиісті қаржы, материалдық-техникалық, кадрлар, ғылыми-әдістемелік, медициналық-ақпараттық, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жасау арқылы барлық үлгідегі балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша спорт және балалар клубтарын, балалар мен жастардың сауықтыру лагерьлерін, мүгедектерге арналған мамандандырылған топтары мен мектептерін, емдеу-дене шынықтыру диспансерлері санын көбейту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жағдайлар жасайды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

1) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру;

2) дене шынықтыру және спорт құралдарымен қоғамда салауатты өмір салты қағидаттарын насихаттау арқылы елде дене шынықтыруды және спортты одан әрі дамыту;

3) олимпиадалық спорт түрлерін, халық ойындарын, ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

4) саланы басқарудың қазіргі заманғы көзқарастары мен оңтайлы жолдарын анықтау;

5) халықаралық спорт сахнасында Қазақстан Республикасының биік беделін орнықтыруға қабілетті халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорттық резервті даярлауға бағытталған бірыңғай шаралар кешенін әзірлеу;

6) дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдарды жетілдіру;

7) халықаралық дәрежедегі спортшылар мен спорттық резервті даярлауды қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-биологиялық ғылыми зерттеулер жүргізу.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) денсаулықты сақтау, нығайту мақсатында дене шынықтыруды және спортты насихаттау, халықтың кең жіктерін дене жаттығуларымен жүйелі шұғылдануға тарту арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын орнықтыру;

2) халықтың дене дайындығының Президенттік сынамасын енгізу;

3) дене шынықтыру және спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту, спорт ғимараттарына тұрғындардың қол жеткізімділігін арттыру;

4) қызметі халықпен жұмыс істеуге бағытталған дене шынықтыру спорттық бірлестіктері мен спорт клубтарының жұмысын жандандыру;

5) салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі ақпараттық-ағарту және насихаттық қызметті күшейту;

6) жоғары жетістіктер спорты үшін, сондай-ақ халықтың әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарымен жұмыс істеуге арналған дене тәрбиесі

мамандарын даярлау және қайта даярлау жүйесін құру;

7) дене шынықтыру және спорт саласында озық технологияны енгізу және шетелдік дене тәрбиесі-сауықтыру және спорт ұйымдарымен тәжірибе алмасу үшін халықаралық қатынастар мен байланыстарды орнату және дамыту жөніндегі қызметті жандандыру.

### 3. Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың негізгі бағыттары

Дене шынықтыру және спорт құралдарын жеке адамның үйлесімді дамуына, салауатты өмір салтын енгізу, бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамыту, спорттық резервті даярлауға пайдалану кезінде республика аймақтарындағы климаттық, жағрафиялық, демографиялық және халықтың еңбек қызметінің ерекшеліктері, сондай-ақ адам денесін жетілдірудің болашағы ескерілуі тиіс.

Бағдарлама мыналарды көздейді:

- құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында балалар мен жасөспірімдер спортын одан әрі дамыту, балалар мен жасөспірімдердің спорт секцияларында және балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде спортпен шұғылдануын арттыру;

- жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың негізгі буыны ретінде спорттың ойын түрлеріне арналған спорт клубтарын ашу;

- олимпиада орталықтары және спорттық резервті даярлау орталықтарын құру;

- аурудың алдын алу, еңбекпен оңалту, белсенді ұзақ жасау;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

- меншік түріне қарамастан оқу орындарының оқыту процесі кезінде оқушы жастар арасындағы дене тәрбиесі процесіндегі міндетті сабақ үлгісі ретінде бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, әртүрлі мамандықтарға арналған дене шынықтырудың кәсіптік-қолданбалы кешендерін әзірлеу, дене шынықтыру-сауықтырудың жаңа технологияларын жасау, дене шынықтыру-сауықтырудың және спорттық қызметін ұйымдастырудың жаңа нысандарын іздеу, экспериментальды сынақтан өткізу және енгізу.

3.1. Халықтың дене тәрбиесі процесін қайта құру және оңтайландыру процесінің негізгі бағыттары:

- қозғалыс сапасын жақсарту мен қозғалу қабілетін дамытуды, денсаулықты нығайтуды қамтамасыз ететін мектеп жасына дейінгі және мектептегі дене шынықтыру сабақтарының мазмұнын жетілдіру. Мектеп жасына дейінгі

балалардың аптасына 10-12 сағат ғылыми негізделген қозғалыс белсенділігі  
к ө л е м і н о р ы н д а у ы ;

- мектептегі сабақтардың мазмұнын толықтыратын дене шынықтыруды мектептен тыс ұйымдастырудың нысандарын жетілдіру, міндетті дене шынықтыру сабағынан кейін спорт түрлерінен жаттығу өткізуге одан әрі ауысу мақсатында оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, халықтың шағын топтары үшін жаттығу бағдарламасының қазіргі заманғы нұсқаларын жасау;

- оқушы және студент жастармен сыныптан тыс әрі сабақтан тыс жаттығулар жүйесін жетілдіру. Жеткіншектердің дене бітімі ерекшеліктерін ескеру;

- оқушылар мен студент жастардың аптасына 8-10 сағат қозғалыс белсенділігі  
к ө л е м і н о р ы н д а у ы ;

- дене шынықтыру және спортты еңбек пен демалысты ұйымдастыру жүйесіне жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы ұжымдық шарттар арқылы енгізу, белсенді еңбек ету мерзімін ұзарту үшін дене шынықтыру жаттығуларын ұтымды пайдалану мақсатында еңбекшілердің кәсіптік қызметін, жас ерекшеліктерін ескеріп, қолданбалы кәсіптік дене шынықтыруды енгізу;

- жұмыстан тыс уақытта аптасына 3-4,5 сағат көлемінде қозғалыс белсенділігі  
к ө л е м і н о р ы н д а у үшін жағдай жасау;

- жастарды кәсіптік бағытта даярлау және жасөспірімдерді әскер қатарында қызметке дайындау мақсатында техникалық және қолданбалы спорт түрлерін  
д а м ы т у ;

- ұлттық спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту, оларды қазіргі заманғы дене тәрбиесі жүйесіне енгізу;

- адамдарды белсенді ұзақ өмір сүруге ынталандыру мақсатында еңбек етуге қабілетсіз адамдарды дене шынықтырумен шұғылдануға тарту және жасы ұлғайған адамдардың қозғалыс режимін оңтайландыру мақсатында дене шынықтыру және спорт құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі шараларды  
ә з і р л е у ;

- Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын толықтыру үшін келешегі бар спортшыларды іріктеу мақсатында олимпиадалық және спорттық резервті даярлау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

- дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортының проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын, дене шынықтыру және спорт саласындағы жаңашылдар идеяларын қолдау жөнінде республикалық әдістеме қызметін құру, жұмысты ұйымдастырудың жаңа нысандарын тарату;

- халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлайтын негізгі буын ретінде спорт түрлерінен спорт клубтарын құру;

- республиканың ұлттық құрама командаларын әлем, Азия чемпионаттары мен Олимпиада, Азия ойындарына, басқа да спорт шараларын қоса алғанда,

халықаралық жарыстарға даярлау және қатысуы;

- халыққа қызмет көрсету үшін денсаулық орталықтарын, дене шынықтыру-сауықтыру топтарын, секцияларын, диспансерлік және консультативтік қызметтер, емдеу-сауықтыру кабинеттерін ашу, оларға халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау және қайта даярлау;

- балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептері мен спорттағы дарынды балалардың мектеп-интернат желісін дамыту.

3.2. Халықтың дене тәрбиесін басқаруды дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми зерттеулерді басқару жүйесі мынадай:

Республикада дене тәрбиесін басқаруды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар халықтың дене тәрбиесін басқару жөніндегі аумақтық құрылымдық бөлімшелерді құрады, бұқаралық дене шынықтыру және спорт жұмысының негізгі талаптарын ескере отырып, аймақтағы халықпен жүргізілетін жұмыстың, спорттық резерв пен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың бағыттарын әзірлейді және дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамытуға жәрдемдеседі.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұқаралық дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортының тәжірибесін байытуға ықпал ететін іргелі, қолданбалы, тәжірибелік-педагогикалық және әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыруға және жүргізуге дамытуға жағдай жасайды.

3.3. Республикадағы материалдық-техникалық базаны дамыту тұрғын аудандардың спорт ғимараттарымен қамтамасыз етілуінің нормативі бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде мыналардың есебінен:

1) қолда бар спорт құрылыстарын, жұмыс істеп тұрған алаңдарды қайта салу және жаңарту, спорт залдары мен спорт кешендерін көлемі шағын және әмбебап спорт жабдықтарымен жабдықтау;

2) тұрғын аудандардың қолданып жүрген нормативтеріне сәйкес адамдар көп тұратын және демалатын жерлерде қарапайым спорт алаңдарын, спорт залдарын және басқа спорт кешендерін салу;

3) халық тығыз тұратын аудандарда ойын және серуен алаңдарын, жүгіру жолдарын, велосипед және шаңғы жолдарын жоспарлау және салу, бұқаралық жарыстар мен спорттық сайыстар өткізуге арналған орындарды жабдықтау;

4) жалпы білім беретін, кәсіптік-техникалық мектептерде және басқа оқу орындарындағы спорт құрылыстарын халық арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін кеңінен пайдалану.

3.4. Бұқаралық дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортының кадрлар даярлау мен мамандардың біліктілігін арттырудағы проблемаларын табысты



## 5. Күтілетін нәтижелер

Қоғамда салауатты өмір салты қағидаттарын орнықтыру демографиялық жағдайды жақсарту үшін жағдай жасау.

Дене шынықтырумен және спортпен іс жүзінде шұғылданушы азаматтардың санын 10-15 пайызға ұлғайту, нәтижесінде, халық арасында аурушаңдықтың деңгейін төмендету.

Республиканың балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі спорт секцияларында спортпен шұғылданушы балалар мен жасөспірімдердің санын 180-200 мың адамға дейін арттыру жеткіншек ұрпақ арасында құқық бұзушылықты төмендету, жастардың бос уақытын ұйымдастыру.

Халықаралық дәрежедегі спортшылардың және спорттық резервтен үміткерлердің Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларына санын арттыру және қатарына іріктеп алу.

Ұлттық, қолданбалы және техникалық спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту арқылы жастарды спортпен белсенді айналысуға тарту.

Халықаралық сахнада Қазақстанның беделін көтеруге қабілетті халықаралық дәрежедегі спортшылар даярлауға жағдай жасау.

Бағдарлама жеткілікті толық орындалған жағдайда, еңбек жасындағы адамдардың ауруы мен өлімін төмендетуден қол жеткізілетін жыл сайынғы экономикалық тиімділік, оны іске асыруға жұмсалатын шығынның 150-2000 пайызын құрауы мүмкін.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.